

Г.М. Смагулова, А.Н. Тельгарин

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: gylnara2005@mail.ru)*

Цифрландыру және цифрлық дипломатияның кейбір мәселелері

Мақалада цифрландырудың кейбір мәселелері талқыланды. Мысал ретінде АҚШ, Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы сияқты әлемдік державаларда цифрландырудың қалыптасуы мен даму тарихына қысқаша шалу келтірілген. Бұл елдердің тәжірибесі және оны «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын құру процесінде пайдалану жолдары талданды. Сонымен бірге, еліміздің ішкі және сыртқы саясатында жаңа құрал ретінде қолданыла бастаған цифрлық дипломатияның кейбір мәселелері зерттелді.

Кілт сөздер: цифрландыру, заманауи технология, цифрлық компания, цифрлық дипломатия

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде, интернет жүйесінің кейбір сайттарында цифрландыру және цифрлық дипломатия мәселесі туралы мәліметтер жиі кездеседі. Сондықтан осы мәселені қарастыру үшін әлем елдерінің тәжірибелеріне шолу жасауды және цифрландыру Қазақстанда қандай деңгейде жүргізілуде екендігін айқындауды жөн деп есептедік.

Мақаланы жазу барысында цифрландыру мәселесі туралы зерттеулерді, мақалаларды, интернет желісіндегі ақпараттарды қарастырып, оларды сыни тұрғыдан бағалап, зерттеу барысында «цифрландыру» ұғымы туралы нақты бір анықтаманың жоқ екенін, бірақ зерттеушілер [1] мен сарапшылардың көптеген пікірлері бар екенін байқадық. Біздің түсінігімізше цифрландыру — бұл заманауи технологияларды пайдалана отырып, ақпараттарды цифрлық қалыпқа көшіру, түсіру болып табылады.

2016 жылғы «Егемен Қазақстан» газетінде «Цифрландыру туралы не білеміз?» деген мақала жарияланды. Осында «Цифрландыру технологиялары дегеніміз — бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады» деп жазылған [2] және осында мақала авторы атақты футуролог, жапон физигі Митио Какудың: «Цифрлы технологиялардың арқасында адамдар, шартты түрде алғанда, өлместік жағдайға жетуі мүмкін. Мәселен, Альберт Эйнштейн туралы барлық мәліметтерді жинастыра келе, осы ақпараттардың негізінде оның цифрлы көшірмесін жасап, оны голографиялық бейнемен толықтыруға болады. Ал қазіргі өмір сүріп жатқан адамның мәселен, сіздің цифрлы болмысыңыз бен тұлғаңызды жасау одан да жеңілдейді. Ол үшін сіздің миыңыздағы барлық ақпараттарды оқиды да, соның негізінде көшірменіңізді жасайды. Сіз өлген кезде бұл егіз-көшірменіңіз сіздің орныңызға өмір сүріп, сіздің мінезіңіздің негізінде дами алады және сіздің жадыңызды жаңа таныстықтармен байыта береді» деген қызықты пікірін [2] мысал ретінде келтірген. Шындығында қазір өзгермелі әлемде күн сайын технологиялар өзгерістерге түсіп, жаңару үстінде. Технологиялық трендтер үдерісі өте белсенді түрде дамуда. Ал оларды қуып жету мүмкін емес. Бұл мәселе әлем елдерінің барлығын алаңдатуда, сонымен бірге заманауи технологиялық трендтер әлем елдеріне қиындықтар да тудыруда. Қалай болған күннің өзінде жаңа технологияларды әлем елдерінің барлығы да өз деңгейінде игеруге ұмтылуда. Осы ретте әлем елдері цифрландыруды қалай игеруде? Қаншалықты деңгейде игеруде? Бұл үдеріске Қазақстан қаншалықты деңгейде қатысуда? Қазақстанда цифрландыру үдерісі қалай жүргізілуде тәрізді көптеген сұрақтар туындайды. Сол себепті цифрландыру мәселесін белсенді түрде қолға алған АҚШ, Ресей, Қытай тәрізді кейбір мемлекеттердің тәжірибесі мысалында, сонымен қатар Қазақстанда жүргізіліп жатқан цифрландыру саясатының жекелеген қырларына талдау жасау арқылы жауап беруге ұмтылайық. ХХІ ғасырдың басында пайда болған цифрлық дипломатия мәселесінде кейбір шетелдердің тәжірибесін бақылау, сыни тұрғыдан қарау және талдау әдістеріне сүйене отырып баяндағанды дұрыс деп есептедік.

Мақала тақырыбына байланысты материалдарды сараптаған кезде, әлем елдерінің арасынан АҚШ көшбастаушы екені байқалды. Яғни, дүние жүзі бойынша цифрландыру мәселесін алғашқылардың бірі болып қолға алған АҚШ. Ол туралы ресейлік зерттеуші Н.С. Ревенко

«Цифровая экономика США в эпоху информационной глобализации: актуальные тенденции» деп аталатын мақаласында АҚШ XX ғасырдың аяғынан бастап ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) белсенді түрде енгізе бастағанын айтады және АКТ компаниялардың шеңберінде ғана қолданылғандығын, ал «Digital Economy Agenda» («Повестка дня цифровой экономики») деп аталатын Мемлекеттік бағдарлама тек 2015 жылы ғана жасалғандығын жазады [3; 84].

АҚШ-та цифрлық экономиканы басқа ведомстволар арасында үйлестіру үшін 2015 жылы Цифрлық экономика жөніндегі жетекші топ (Digital Economy Leadership Team) құрылады, ал оған Интернет-саясат жөніндегі мақсатты топ (Internet Policy Task Force) көмектеседі [3; 84]. Цифрлық заманның мүмкіншіліктерін кеңейту мақсатында және экономикалық өсуді тездету үшін 2016 жылы Цифрлық экономика жөніндегі консультативтік кеңес құрылып (Digital Economy Board of Advisors), оның құрамына бірқатар ірі американдық компаниялардың өкілдері кірді — «General Electric», «Electrical and electronics engineering», «Microsoft», «Silicon Valley Bank», «YouTube», «McKinsey Global Institute», «Home Shopping Network» т.б. Бұлардың барлығы да АҚШ-тың цифрландыру саясатын дамытуда белсенділік танытатыны анық және оған АҚШ та мүдделі. Оған тағы бір мысал «Microsoft», «YouTube» тәрізді компаниялардың кең көлемдегі бағдарламалық өнімдерін кез келген жерде, кез келген уақытта әлемнің барлық елдері сияқты, қазақстандықтар да белсенді қолданады. «YouTube» видеохостингінде кез келген тақырыптағы материалдарды іздеу және оны көру үдерістері 75 тілде жүзеге асады. Оның ішінде қазақ тілі де бар. Бұл «YouTube» видеохостингі жер шарындағы халықтың 95 пайызына қолжетімді деген сөз. «YouTube» іздеу жүйесі бойынша «Google»-ден кейін екінші орында тұр [4]. Оның материалдарын дәрістер оқу, семинарлық сабақтар жүргізу барысында біздер де кеңінен қолданамыз. Сондай-ақ, АҚШ-тың «Facebook», «Amazon», «Google» тәрізді интернет-компаниялары да әлем елдеріне кеңінен таныс, Қазақстанда да олар қолданысқа белсенді түрде енді. Айталық, «Google» тек іздеу жүйесі ғана емес болғандықтан, бұл почта сервері, әр түрлі статистикалық ақпараттар алуды қызықтыратын тұтынушылар үшін сипаттамаларды тегін жүзеге асыратындықтан, адамдарды қызықтырады. Аталған іздеу жүйелерінің барлығы да АҚШ-тың цифрландыру саясатынан туған.

Қазақстанның ірі көршілері — Қытай және Ресей елдерінде де цифрландыру жақсы жолға қойылған. Қытайда цифрландырудың тез қарқынмен дамуы және оның жаһандық цифрландыру жүйесін құрудағы басты күші туралы McKinsey компаниясы үлкен мақаласын жариялады [5]. Мақалада Қытайда цифрлық инвестиция мен инновациялық өнеркәсіптердің «тірі» жүйесінің құрылғандығы туралы құнды ақпарат береді. McKinsey компаниясының мақаласына сәйкес, Қытайда цифрлық экономиканың дамуын негізгі үш фактор анықтайды:

Бірінші фактор — цифрлық бизнес-модельдерді тез коммерциялық қолдану үшін Қытайдағы нарық көлемінің өте үлкендігі және интернет қолданушы жастар санының көптігі жағдай жасайды;

Екінші фактор — цифрландыру үшін қолайлы, «экосфера» жасаған үш қытайлық интернет-алпауыттар («Baidu», «Alibaba», «Tencent») үздіксіз кеңейе түсуде;

Үшінші фактор — Қытайдағы цифрландыруды дамытудың ең басты қозғаушы күші — қытай үкіметі. Үкімет цифрлық компанияларға қолдау көрсетеді, цифрлық өнеркәсіптердің нарыққа шығуына мүмкіндік жасайды, бір мезгілде инвесторларға, жасаушыларға және тұтынушыларға қолдау көрсетеді, сонымен бірге бақылау жасауды да күшейтеді.

Аталған үш фактордың арқасында халықаралық аренада Қытайдың рөлі күн сайын арта түсуде. Оған дәлел «Baidu», «Alibaba», «Tencent» тәрізді ірі интернет алпауыттарының дүниежүзіне танымал болуында. Мысалы, 1999 жылы құрылған «Alibaba» компаниясы бүгінгі таңда электронды сауда және цифрлық төлемдермен айналысатын ең ірі компаниялардың бірі атанып отыр. Компанияның негізін қалаушы және басшысы Джек Ма үлкен жетістікке жетті. Ол тек Қытайдың ғана емес, бүкіл әлемдегі ең бай адамдардың бірі саналады.

Ресейде жүргізіліп жатқан цифрландыру мәселесіне келетін болсақ, бұл елде цифрландыруды дамытуға арналған құжаттар қабылданған. Алғашқысы 2017 жылы 28 шілдеде «Ресей Федерациясының цифрлық экономикасы» туралы бағдарламасын бекіту туралы өкім болатын [6]. Бұдан басқа 2018 жылдың 7 мамырында «2024 жылға дейінгі кезеңде Ресей Федерациясы дамуының ұлттық мақсаттары мен стратегиялық міндеттері туралы» Жарлыққа Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин қол қойды. Осыған сәйкес экономика мен әлеуметтік салаларға цифрлық технологияларды жылдам енгізу жөніндегі мақсаттарды іске асыру үшін Ресей

Үкіметі «Ресей Федерациясының цифрлық экономикасы» бағдарламасының негізінде бірдей аталатын ұлттық бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарлама 2019 жылдың 4 маусымында Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Кеңес алқасының отырысында № 4 хаттамамен бекітілді [7]. Аз уақыттың ішінде цифрлық экономиканы дамытуды үкіметтік дәрежеде қолға алып, оны 2024 жылға дейінгі аралықта жүргізу мақсатында негізгі бес бағытты айқындады: нормативтік реттеулер; мамандар және білім; зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру және техникалық бастамалар; ақпараттық инфрақұрылым және ақпараттық қауіпсіздік. Ресейлік «Ростелеком», «МегаФон», «Росатом», «Ростех», Сбербанк, АСИ, «Яндекс», «Открытая мобильная платформа», «Mail.ru Group», «Рамблер» және басқа да көптеген ірі компаниялар цифрлық экономиканы жоғарыда аталған бағыттар бойынша дамытуда. Тағы бір айтып кететін жайт, компаниялар көрсетілген бағыттың бірін өзінің қамқорлығына алып, оның дамуын қолдайды. Мысалы, «Ростелеком» — ақпараттық инфрақұрылым, ал Сбербанк — ақпараттық қауіпсіздік бағытына жауап береді [8]. Қысқаша шолудан шығатын қорытынды алпауыт мемлекеттер цифрландыру мәселесіне үлкен көңіл бөледі және мемлекеттік деңгейде бақылауда ұстайды.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, бүгінгі күні үкіметтік деңгейде ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдамдатуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Бұл дегеніміз цифрландыру саясаты Қазақстанда да жүргізіле бастады деген сөз. Қазақстан қазірдің өзінде ақпараттық технологияларды енгізу, компьютерлік қамтамасыз ету, интернетке қосылу, «Электронды» үкімет жұмыстарын ұйымдастыру көрсеткіші бойынша ТМД кеңістігінде алдыңғы қатарда келеді. Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілді [9]. Бағдарлама 2018–2022 жылдарға арналған. Оның негізгі мақсаты — «орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады» [9]. Аталған құжатта оны іске асырудың бес негізгі бағыты көрсетілген:

1. «Экономика салаларын цифрландыру» енбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты;
2. «Цифрлық мемлекетке көшу» — қажеттіліктерін күні бұрын біліп, халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты;
3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» — ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өндеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.
4. «Адами капиталды дамыту» — жаңа жағдайға, білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам құруды қамтитын түрлендіру бағыты;
5. «Инновациялық экожүйені құру» — бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді.

Көрсетілген бес бағыттың шеңберінде 17 бастама және бірқатар іс-шаралар қарастырылған. Бүгінде елімізде олардың барлығы да іске асырылуда [9].

Цифрландыру мәселесінде ең алдымен адамдардың цифрлық сауаттылығы маңызды орын алады. Адамдардың заманауи технологияларды қолдану деңгейі артқан сайын цифрландыру белсенділігі күшейе түседі. Отандық сарапшылардың зерттеуінше 2018 жылы Қазақстан халқының дербес компьютер, смартфон, планшет, ноутбук, стандартты бағдарлама мен интернетті қолдану деңгейі 79,6 пайызды құрады. 2017 жылы бұл көрсеткіш 77,1 пайыз болған [10].

Үкімет тарапынан қолдау тауып отырған «Astana Hub», «Almaty Tech Garden», «Астана» Халықаралық қаржы орталығы, АІХ қор биржасы, «Алатау» инновациялық технологиялар паркі, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Зерде Ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ, «Astana Innovations» АҚ және тағы басқа бірқатар мекемелер бір ғана ортақ мақсат — инновациялық экожүйені қалыптастыруды іс жүзіне асыруға бағытталған. Сонымен бірге «Самұрық-Қазына»

ұлттық әл-ауқат қоры» және «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамдары да Қазақстанның экономикалық тұрғыдан өркендеуіне үлкен үлес қоса алатын технологиялық компанияларға қолдау білдіріп келеді [11].

2018 жылы Қазақстанда өткен Digital Bridge форумы аясында цифрлық экономиканы дамытудағы ғаламдық трендтер қандай деген мәселе талқыланды. Пленарлық отырыста Қазақстанның ғаламдық нарықтағы әлеуеті жан-жақты талқыға салынды. Жиынға сол кездегі Үкімет басшысы болған Бақытжан Сағынтаев қатысып, мұндай ауқымды форумды өткізудегі мақсат Азия мен Еуропа арасына алтын көпір салу екендігін атап өтті. Ол «... елімізде тек мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрлық жүйеге көшіріп қана қоймай, жаппай экономиканың барлық салаларын дамыту қолға алынғанды. Сондай-ақ цифрландырудың алғашқы нәтижелері де бар. Мәселен, соңғы 8 айда 13 млн. қызмет түрі цифрлық жүйеге көшірілген. Оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, халыққа қызмет көрсету сынды салалар да бар. Мұндай шаралардың арқасында Қазақстан дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингінде бизнесті жүргізу көрсеткіші бойынша 28-орынға жайғасты. Бірақ Халықаралық сауда позициясы бойынша 102-орында тұр. Себебі, еліміздің тікелей мұхитқа шығатын мүмкіндігі жоқ» [12] деген кедергілер мен қиындықтардың да бар екенін айтып өтті.

Интернет сайттарында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен The Boston Consulting Group «Қазақстанның макроэкономикалық келешегі және цифрландырудағы инвестицияның жаңа көкжиектері» атты бірлескен зерттеуін жария еткендігі туралы ақпараттар бар. Онда «Цифрландыру саласында Қазақстан алға жылжып келеді: цифрлық экономикаға тартылу деңгейі тұрғысынан Қазақстан Ресей, БАӘ, Аргентина мен Чили сияқты елдермен қатар деңгейде және индексі 0,72 (БҰҰ мен VCG-тың 2016 жылғы мәліметі), әлемдік орта көрсеткіштен (0,49) жоғары тұр. Сондай-ақ, VCG e-intensity рейтингінің мәліметі бойынша, қазақстандық компаниялар арасында кең жолақты интернетке кіру көрсеткіші 45 %-ды құрайды. Бұл көрсеткіш жағынан Қазақстан БАӘ (53 %) және Малайзиямен (38 %) теңдес. Цифрландырудың өнеркәсіптік өндіріс, халық шаруашылығы, көлік, бөлшек сауда салаларына ықпалы орасан, бірақ Қазақстан бұл салаларда әзірге әлемдік орта деңгейге жеткен жоқ. Мысалы, Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірісті автоматтандыруға жұмсалып отырған шығын ДЖӨ-нің 0,07–0,09 %-ын ғана құрайды, бұл әлемдік орташа деңгейден (0,18 %), 2,3–3 есеге аз, ал Солтүстік және Оңтүстік Америкадан 4–5 есеге аз. Онлайн-сауда нарығы тіпті мардымсыз, 2015 жылғы бөлшек сауда нарығының 0,8 %-ын ғана құрайды» деген сандық мәліметтер берілген [13]. Бұдан Қазақстанда цифрландыру жақсы жолға қойылғанымен, қиындықтардың бар екенін, әлі де болса атқаратын істердің көп екендігін түсінуге болады. Қалай болған күннің өзінде, Қазақстан әлем елдерінде жүргізіліп жатқан цифрландыру көшінен қалмайтынын басып айтуға болады.

Жоғарыда шолу жасалған цифрландыру жүйесінде «цифрлық дипломатия» да бар екенін айтқымыз келеді. Дипломатиялық қызметте осы күнге дейін «ашық дипломатия», «құпия дипломатия» тәрізді қолданып жүрген механизмдердің қатары «цифрлық дипломатия» ұғымымен толықты. Бірақ сарапшылар мен зерттеушілер қауымы «цифрлық дипломатия» ұғымына нақты анықтама берген жоқ. Әлем елдерінің арасында ең бірінші АҚШ цифрлық дипломатияны насихаттың жаңа құралы ретінде ойлап тапты. АҚШ өзінің сыртқы саясатымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи түрлерін — әлеуметтік желілер, блоктар және жаһандық жүйедегі басқа да медиа алаңдарды белсенді түрде қолдануды жандандырды.


АҚШ-та цифрландыру 43-ші президент болған Джордж Буш билігі кезінде (ол 2001–2009 жж. аралығында мемлекет президенті болған — авт.) басталды.

Кіші Джордж Буш әкімшілігі кезінде АҚШ-та дәстүрлі түрде қолданылып келген халықаралық радио және телеканалдарды таратуды интернетке ауыстырудың жолын қарастырды. Осыған байланысты 2002–2003 жылдары цифрлық дипломатияның бағдарламасы дами бастады. 2006 жылы Мемлекеттік хатшы Кондализа Райстың жетекшілігімен цифрлық дипломатияны дамытуға арналған топ құрастырды. Оның құрамына әлеуметтік желілердегі АҚШ туралы оң және теріс ақпараттарға мониторинг жүргізетін мамандар кірді. Одан кейін АҚШ-та цифрлық дипломатия бағдарламасын дамытуда көзге түскен екінші адам Хиллари Клинтон болды. Ол Барак Обама билігі кезінде Мемлекеттік хатшы қызметін атқарды, сонымен бірге үкіметтің цифрлық дипломатия бағдарламасын дамытумен айналысты. Х. Клинтон «Google», «Facebook», «Twitter», «Howcast»,

«АТ&Т» тәрізді ірі интернет-компаниялардың жетекшілерімен жүргізген келіссөздер арқасында, олардың желілері арқылы АҚШ туралы оң ақпараттарды тарата бастады. Сондай-ақ, АҚШ-тың сыртқы саясатына қатысты басқа мемлекеттердің көзқарастары, осы мемлекетке қатысты айтылған барлық жаңалықтарды білуге болатын болды. Осындай жаңа тәсілдері үшін сарапшылар Х. Клинтонды цифрлық дипломатияның «өкіл шешесі» деп атады.

АҚШ-тан басқа әлемнің көптеген мемлекеттері де цифрлық дипломатияны белсенді түрде қолдануға көшті. Мемлекеттердің сыртқы істер министрлігінің (СІМ) әлеуметтік желілерде болуы цифрлық дипломатияның өміршең екендігін көрсетеді.

Қазақстанның әр саласында жүргізіліп жатқан цифрландыруды Сыртқы істер ведомствосы да қолдайды. Мемлекет ішінде аталған министрлік (1-сур.), ал шетелдерде қазақстандық елшіліктер ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануы арқылы Қазақстандағы цифрландыруға өз үлестерін қосып отыр. Олар өздерінің ресми сайттарына (2-сур.) ие және әлеуметтік желілерде (3-сур.) бар.




1-сурет. Қазақстан Республикасы СІМ ресми сайтының басты беті. 14.10.2019 ж.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің сайты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ақпараттар береді. Оның басты бетінде мынадай бөлімдер көрсетілген:

- Министрлік;
- Сыртқы саясат;
- Баспасөз орталығы;
- Қызметі;
- Визалар және консулдық мәселелер;
- Инвестициялар комитеті;
- Шетелге шығатындар үшін;
- Visit Kazakhstan;
- Мемлекеттік қызметтер;
- Нормативтік-құқықтық актілер;
- Басты жаңалықтар;
- Елшіліктер жаңалықтары.

Аталған бөлімдердің барлығы белсенді жұмыс істейді. Қажетті ақпараттармен танысуға болады.



2-сурет. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі сайтының басты беті. 17.10.2019 ж.

Дипломатиялық қызметте әлеуметтік желілердің ішінде «Twitter» және «Facebook» жетекші болып табылады. «Twitter» желісінің басқаларға қарағанда жетекші желі екендігін мына мақала мәліметтерінен көруге болады: «Белгілі бір Twiplomacy термині (Twitter және Diplomacy ағылшын сөздерінен алынған) және осы қызметті зерттейтін аттас ұйым қалыптасқан. <https://twiplomacy.com> мәліметтері бойынша БҰҰ-ға мүше 193 елдің 97 % Twitter-де ресми аккаунттарын тіркеген. Аталған платформада тек 6 елдің (Лаос, Мавритания, Никарагуа, Солтүстік Корея, Свазиленд және Түркіменстан) үкіметтері ресми түрде тіркелмеген. 2018 жылы <https://twiplomacy.com> мәліметтеріне сәйкес әлемнің 187 елінің мемлекет, үкімет, сыртқы саяси ведомство басшыларына тиесілі 951 жеке және институционалды «Twitter» аккаунттары тіркелген. Әрбір халықаралық ұйым бірқатар танымал әлеуметтік желілерде тіркелген. БҰҰ-ның тек Twitter-дегі аккаунтында 10 миллионнан астам жазылмандар бар» [14]. Мақалада бұдан басқа әлеуметтік желілер және олардағы Қазақстанның СИМ туралы маңызды деректер келтірілген. Біз оларды өзгеріссіз, осы күйінде беруді дұрыс деп есептедік: «Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі бес әлеуметтік желілерде («Twitter», «Facebook», «Instagram», «Youtube», «Telegram») ұсынылған, жазылмандардың жалпы саны 40 мыңды құрайды. Сонымен қатар, Министрлік Твиттерде @Kazakhstan аккаунтын жүргізеді (6000 мыңнан астам жазылмандар) (3-сур.).



3-сурет. Қазақстан Республикасы СИМ Twitter-дегі беті

«Қазақстан — Ұлы Дала елі» және «SmartTravelKZ» екі тегін мобильді қосымшасы әзірленіп, сәтті дамуда. Іс жүзінде республиканың барлық шетелдік мекемелері қабылдаушы елдердің танымал әлеуметтік желілерінде тіркелген. Қазақстанның АҚШ-тағы Елшілігінің Твиттер akkaунты (5 500 жазылмандар) және Қазақстанның Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты Өкілеттігі (4300 жазылмандар) ең табысты және белсенді болып табылады» [14]. Мақалада көрсетілгендей Қазақстанның СІМ цифрландыруды дамытуда әлеуметтік желілерді қолданып қана қоймай, мобильді қосымшаларды жасау арқылы да өз үлесін қосуда.

Сонымен, ХХІ ғасырдың тың бастамалары цифрландыру және цифрлық дипломатияны әлем елдері мойындады. Қазақстан да осы процеске қосылды. Елбасы Н. Назарбаев: «Цифрландыру — бұл нысана емес, бұл біздің ғаламдық бәсекелестігіндегі абсолютті артықшылығымызға жету құралы екенін бәрінің түсінгенін қалаймын. Онсыз өзін сыйлайтын ел жақсы өмір сүре алмайды...», — деп айтты [15]. Соған орай мақала авторлары цифрландыру және цифрлық дипломатияға арналған арнайы зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан үшін цифрландырудың маңыздылығы және оны дамытудағы құрамдас бөлігі болып отырған цифрлық дипломатияға қатысты қысқаша шолу жасалды. Бұл проблема әлем елдеріндегі цифрлық дипломатияның қалыптасуы мен даму тарихы деген зерттеумен жалғасын табады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зозуля Д.М. Цифровизация российской экономики и Индустрия 4.0: вызовы и перспективы / Д.М. Зозуля // Вопросы инновационной экономики. — 2018. — Т. 8. — № 1. — С. 4, 5.
- 2 Әліпбай С. Цифрландыру туралы не білеміз? / С. Әліпбай // Егемен Қазақстан. — 2017. — 5 желтоқсан.
- 3 Ревенко Н.С. Цифровая экономика США в эпоху информационной глобализации: актуальные тенденции / Н.С. Ревенко // США — Канада: Экономика — Политика — Культура. — 2017. — № 8. — С. 84.
- 4 YouTube туралы қызықты деректер [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <https://massaget.kz/layfstayl/tehnо/sholu/49893/>
- 5 Цифровая экономика Китая определяет новую мировую тенденцию [Электронный ресурс]. — Режим доступа. — http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/2017-09/30/content_41672368.htm
- 6 Распоряжение от 28 июля 2017 г. № 1632-р Об утверждении программы «Цифровая экономика Российской Федерации» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://static.government.ru/media/files/9gFM4FHj4PsB79I5v7yLVuPgu4bvR7M0.pdf>.
- 7 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://digital.gov.ru/uploaded/files/natsionalnaya-programma-tsifrovaya-ekonomika-rossijskoj-federatsii_NcN2nOO.pdf
- 8 Краснушкина Н. Белый дом запустил цифру. Правительство готово приступить к выполнению программы. — [Электронный ресурс] / Н. Краснушкина. — Режим доступа: <https://www.kommersant.ru/doc/3423672>
- 9 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілді [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
- 10 Цифрлық сауаттылық артып келеді [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <http://ult.kz/post/tsifirlyk-sauattylyk-artyp-keledi>
- 11 Өзгеру немесе қалу. Қазақстандағы цифрлық трансформация қандай қиындықтар мен бастамалар әкеледі? [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <https://informburo.kz/kaz/zgeru-nemese-alu-azastanday-cifirly-transformaciya-anday-iyndytar-men-bastamalar-keled.html>
- 12 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/275728-astanada-tsifirly-ekonomikany-damytu-m-selesi-pysy-tald>
- 13 Жедделетілген цифрландыру Қазақстан экономикасы дамуының басты факторына айналды [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <https://abai.kz/post/47485>
- 14 Бектемісов Ж. Әлеуметтік желілердің заманауи дипломатиядағы маңыздылығы туралы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/dzanibek-bektemisov-o-vaznosti-socialnyh-setej-v-sovremennoj-diplomatii>
- 15 Цифрландыру бойынша республикалық кеңес [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: https://egov.kz/cms/kk/news/news_digital

Г.М. Смагулова, А.Н. Тельгарин

Некоторые проблемы цифровизации и цифровой дипломатии

В статье рассмотрены отдельные проблемы цифровизации. В качестве примера дан краткий обзор истории становления и развития цифровизации в таких мировых державах, как США, Российская Федерация, Китайская Народная Республика. Проанализирован опыт этих стран и пути его использования

в процессе создания государственной программы «Цифровой Казахстан». Вместе с тем изучены некоторые проблемы цифровой дипломатии, которая начала использоваться во внутренней и внешней политике нашей страны в качестве нового инструмента.

Ключевые слова: цифровизация, современная технология, цифровая компания, цифровая дипломатия.

G.M. Smagulova, A.N. Telgarin

Some of the problems of digitization and digital diplomacy

The article discusses some problems of digitalization. An example is given of the history of the formation and development of digitization in such world powers as the United States, the Russian Federation, the People's Republic of China. The experience of these countries and ways of its use in the process of creating the state program «Digital Kazakhstan» are analyzed. However, some of the problems of digital diplomacy, which began to be used in our country's domestic and foreign policy as a new instrument, are being addressed.

Keywords: digitalization, modern technology, digital company, digital diplomacy.

References

- 1 Zozulya, D.M. (2018). Tsifrovizatsiia rossiiskoi ekonomiki i Industriia 4.0: vyzovy i perspektivy [Digitalization of the Russian economy and industry 4.0: challenges and prospects]. *Voprosy innovatsionnoi ekonomiki, Vol. 8, No. 1, 4, 5* [in Russian].
- 2 Alipbai, S. (2017). Tsifrlandyru turaly ne bilemiz? [What do we know about digitalization?]. *Ehemen Kazakstan, 5 zheltoksan* [in Kazakh].
- 3 Revenko, N.S. (2017). Tsifrovaia ekonomika SShA v epokhu informatsionnoi hlobalizatsii: aktualnye tendentsii [Digital economy of the USA in the era of information globalization: Current trends]. *SShA — Kanada: Ekonomika — Politika — Kultura, 8, 84* [in Russian].
- 4 YouTube turaly kyzykty derekter [Interesting facts about YouTube]. *massaget.kz*. Retrieved from <https://massaget.kz/layfstayl/tehnno/sholu/49893/> [in Kazakh].
- 5 Tsifrovaia ekonomika Kitaia opredeliaet novuiu mirovuiu tendentsiu [China's digital economy defines a new global trend]. *russian.china.org*. Retrieved from http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/2017-09/30/content_41672368.htm [in Russian].
- 6 Rasporiazhenie ot 28 iuliia 2017 h. № 1632-r Ob utverzhdenii prohrammy «Tsifrovaia ekonomika Rossiiskoi Federatsii» [Order № 1632-r of July 28, 2017 «On approval of program «Digital economy of the Russian Federation»]. *static.government.ru*. Retrieved from <http://static.government.ru/media/files/9gFM4FHj4PsB79I5v7yLVuPgu4bvR7M0.pdf> [in Russian].
- 7 *digital.gov.ru*. Retrieved from https://digital.gov.ru/uploaded/files/natsionalnaya-programma-tsifrovaya-ekonomika-rossijskoj-federatsii_NcN2nOO.pdf [in Russian].
- 8 Krasnushkina, N. Belyi dom zapustil tsifru. Pravitelstvo hotovo pristupit k vypolneniiu prohrammy [The White House has launched a number. The government is ready to start the program]. *kommersant.ru*. Retrieved from <https://www.kommersant.ru/doc/3423672> [in Russian].
- 9 «Tsifrlыk Kazakstan» memlekettik bahdarlamasy Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2017 zhylyhy 12 zheltoksandahy № 827 kaulysymen bekitildi [The State Program «Digital Kazakhstan» was approved by the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan № 827dated December 12, 2017]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> [in Kazakh].
- 10 Tsifrlыk sauattylyk artyp keledi [Digital literacy is rising]. *ult.kz*. Retrieved from <http://ult.kz/post/tsifrlыk-sauattylyk-artyp-keledi1> [in Kazakh].
- 11 Ozheru nemese kalu. Kazakstandahy tsifrlыk transformatsiia kandai kiyndyktar men bastamalar akeledi? [Change or stay. What are the challenges and initiatives in Kazakhstan's digital transformation?]. *informburo.kz*. Retrieved from <https://informburo.kz/kaz/zgeru-nemese-alu-azastanday-cifrlы-transformaciya-anday-iyndytar-men-bastamalar-keled.html> [in Kazakh].
- 12 *24.kz*. Retrieved from <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/275728-astanada-tsifrlы-ekonomikany-damytu-m-selesi-pysy-tald> [in Kazakh].
- 13 Zhedeldetilhen tsifrlandyru Kazakstan ekonomikasy damuynyn basty faktoryna ainaldy [Accelerated digitalization has become a major factor in the development of Kazakhstan's economy]. *abai.kz*. Retrieved from <https://abai.kz/post/47485> [in Kazakh].
- 14 Bektemisov, Zh. Aleumettik zhelilerdin zamanai diplomatiadahy manyzdylyhy turaly [The importance of social networks in modern diplomacy]. *mfa.gov.kz*. Retrieved from <http://mfa.gov.kz/kz/content-view/dzanibek-bektemisov-o-vaznosti-socialnyh-setej-v-sovremennoj-diplomatii> [in Kazakh].
- 15 Tsifrlandyru boynsha respublikalyk kenes [Republican Council on Digitalization]. *egov.kz*. Retrieved from [in Kazakh].